

ПАРАҚОРЛЫҚКА ДЕЛДАЛ БОЛУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Бүгінгі таңда етек алған кез келген міндетпен күресуден гөрі, оның алдын алудың әлдеқайда тиімді екеніне баршаның көзі жетті. Осындайда ойға «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қазақ даналығы оралады.

Қазіргі қоғамда емі табылмай тұрған жемқорлық дертінің асқинуына делдалдар да бір адамдай «ат салысып» жатыр. Сондықтан жемқорлықпен күрес шарасында делдалдардың да мәселесі ұмыт қалмауы тиіс. Қаралып отырған тақырыпқа терең бойлау үшін алдымен парақорлықтың мазмұн-сипатымен танысып алған абзал.

Сыбайлас жемқорлықтың бұрыннан келе жатқан және кең тараған көріністерінің бірі — парақорлық. Занда парақорлық мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы жасалатын пайдакүнемдік сипаттағы қылмыс ретінде қарастырылады. Бұл қылмыстың мәні — мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның қызметтік әрекеті үшін немесе қызметтік жағдайына байланысты басқа тұлғалардан заңсыз материалдық сыйақы алуы болып табылады.

Парақорлық, яғни пара алу, пара беру және парақорлыққа делдал болу — қоғамға қауіп төндіретін құбылыс болып табылады. Аталған қылмыстар мемлекеттік қызмет мүдделері мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызмет мүдделеріне елеулі нұқсан келтіреді. Аталған үш қылмыс құрамы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдеттегідей, бұл қылмыстар бір-бірімен байланыста отырып жүзеге асырылады.

Демек, парақорлыққа делдал болу дегеніміз — пара алушыға және пара берушіге пара алу мен пара беру туралы олардың арасындағы келісімге қол жеткізуге немесе іске асыруға жәрдемдесу болып табылады. Парақорлыққа делдал болудың объектісі және оның қылмыстық заты толық түрде пара алудың объектісі мен қылмыс затымен ұқсас болып келеді. Сондықтан, парақорлық дертінің мемлекет деген алып машинаның кез келген буынына әсіресе, ықпалды буындарына барынша үйір екенін аңғарамыз.

Сондай-ақ, Л. С. Ромашенконың пікірі бойынша «параның негізгі қауіптілігі» - ол лауазым иелерін сатып алу, мемлекеттік аппаратты іріту. Пара беруші лауазым иесіне өзі үшін жақсы әрекет жасауынан бұрын немесе кейін материалдық игілікті беруі лауазым иесін тікелей сатып алумен байланыстырады. Ол берді — ал ол үшін бірдеңе жасалды. Сонан соң автор ойын әрі қарай дамытып былай жалғастырады «лауазым иесі пара алу жөнінде алдын-ала келіспей басқа адам мүддесі үшін қандай да болмасын заңды әрекет жасаса, ал сонан соң ол адамнан «ризашылық» ретінде әртүрлі заттар, құнды заттар, ақша алса, онда бұл жерде пара жайлы сөз болу мүмкін емес»¹.

Парақорлықтың қоғамның тамырына түскен жеті құрт екенін ілгеріде айттық. Парақорлық сыбайлас жемқорлықтың аса қауіпті түрі болғандықтан оның құрамдас бөлігі пара алу қазіргі кезде ең қауіпті құбылысқа айналды.

Парақорлыққа делдал болуды параны алуға немесе беруге қатысушыдан айырмашылығын білуіміз керек. «Делдал» яғни, сөздің мазмұны бойынша пара беруші немесе пара алушымен тікелей қарым-қатынасқа түсіп өзара келісімге келтіруші ретінде көрінеді. Қатысушы, пара беруші немесе пара алушының жағынан шығатын адам. «Парақорлық үшін жауапкершілік жөніндегі заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы», Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

Пленумының 1995 жылғы 22 желтоқсандағы № 9 қаулысында параны беруді немесе алуды ұйымдастырып, бұған беруді итермелеген немесе параны алуға, беруге көмектесуші болған әрі бір мезгілде делдал міндетін атқарған лауазымды немесе басқа адам параны беруге немесе алуға қатысқаны үшін жауапқа тартылады деп көрсеткен. Мұндай қатысушының әрекетін саралау жөніндегі мәселе оның пиғылына, пара берушінің немесе пара алушының қайсысының мүддесі үшін, кімнің жағында болғанына қарай шешілуі тиіс. Мұндай жағдайда оның әрекетін паракорлыққа делдал болу үшін жауапкершілік белгіленген бап бойынша қосымша саралаудың қажеті жоқ деп белгіленген².

Паракорлық қылмыста пара беруші немесе пара алушының тапсырмасы бойынша әрекет еткен делдалды есепке ала отырып, пара затын тікелей тапсырған параны беру мен алудағы делдалдықты айыра білу қажет. Бұл қылмыстық саралаудың тұрғысынан өз белгілері бойынша ерекшеленеді. Демек, қылмыс болып табылатын қылмыстық жауаптылық көзделетін сыбайлас жемқорлықпен ұштастырылған паракорлыққа делдал болуды да қылмыстық құрамдарына қарай оның объектісі, объективтік жағы, субъектісі, субъективтік жағы ажыратылады. Осы құрамның төрт белгісі бірдей болған жағдайда паракорлыққа делдал болудың арнайы субъектісі қылмыстық беру мен алуға бірге қатысқаны үшін жауапкершілікке тартылады деп көрсетілген. Сондай-ақ, пара үшін белгілі бір әрекетті орындауға келіскен және параны берген қызметкер параны беруге бірге қатысушы ретінде жауапкершілікке тартылады. Егер ол параны беру сипатын біле тұра тек параны ғана берсе, оның әрекеті паракорлыққа делдалдық етті деп бағалауға жатады.

Аң аулағанда сен оның әр әрекетін, әр қимылын білуің керексің, сол сияқты мемлекет пен қоғам үшін маңызды мәселенің алдын алу үшін оны біз толығымен білуіміз қажет, сонда ғана, тиімді жолды тандап, ұстай аламыз, күрес жүргізе аламыз.

Сондықтан, паракорлыққа делдалдықты болдырмау мақсатында мемлекет және мемлекеттік органдар, сондай-ақ құқық қорғау органдары нақты жұмыстарды жоспарлауы қажет. Паракорлыққа делдалдық жағдайларымен күресу үшін азаматтардың құқықтық санасын ояту, құқықтық мәдениетін көтеру, дамыту, құқықтарды қолдануға баулу, құқықтық тәрбиелеу жұмыстарын атқару қажеттілік. Осыған байланысты құқықты қолдану органдары халықты құқықтық тәрбиелеу жөніндегі жұмыстармен айналысатын мекемелер жаңа заңдық нормаларды қарастыруы керек. Паракорлыққа делдал болудағы мәселені шешуде қылмыстық заң негізгі фактор бола алмайды. Қылмыстық заң аталған қылмысты танудағы қоғамға қауіпті әрекеттерінің дәрежесін бағалауды айқындауы мүмкін. Сонымен қатар, М. Б. Абаевтың пікірінше, егерде пара алушы пара алудан бас тартса, онда делдалдың әрекеттері паракорлыққа делдал болушылыққа оқталғандық болса, паракорлыққа делдал болуды паракорлықтың қатысушылығынан, яғни пара беру немесе алуды ұйымдастырушылар, айдап салушылар, көмектесушілерден ажырату қажет деп көрсеткен³. Өйткені, пара алуда немесе беруді ұйымдастырған немесе оның жүзеге асырылуына басшылық еткен адам, паракорлықтың ұйымдастырушысы деп аталады. Ал делдал болса пара алушы мен пара берушінің ортасындағы болған келісімді ғана жүзеге асырады және делдал ешкімді де азғырмайды, көндірмейді, ол өзара екі субъектінің тапсырмасын орындайды.

Тәжірибеде мемлекеттік органда белгілі бір лауазымдық орын босаған кезде, ол орынға айтылмайтын «аукцион» өткізіліп, ең соңында сол орынға ең көп ақша берген адам орналасу сияқты жағымсыз жағдайлар ұшырасып отырады. Демек, делдалдар арқылы жүзеге асырылуы. Осылайша, мемлекеттік органдарға лауазымдық қызметке қабылдаудың критеріі, кейбір жағдайларда қызметкерлердің тәжірибесі, біліктілігі, кәсібилігі есепке алынбай, оның қажетті ақшаны төлеуге қабілеті есепке алынады.

Неге осындай коріністер орын алып отыр деген заңды сұрақ туады? Демек, мемлекеттік органдар жүйесінде анау немесе мынау қызметке орналасудың белгілі бір заңсыз теріс тәжірибесі орын алған, осыған орай адамдар алдарына осы орындарға қандай да болсын заңсыз жолдармен орналасуды мақсат етіп қояды. Осындай әрекеттерге барудың себебі неде? Ол келешек лауазымдық қызметтің оның өзіне не беретіні немесе келешекке лауазымдық қызметте оған жүктелетін міндеттер болуы мүмкін. Осылайша, осы қызметке орналасу үшін белгілі қаражатты бере отырып, оның осы қаражатты екі немесе үш есе етіп қайтарып алуына өте сенімді болуы. Демек, мемлекеттік билік органына осындай жолмен алынған қызметкердің алдында тұратын ең бірінші мақсаты — оның кәсіби қызметін қоғаммен мемлекет игілігіне арнауы емес, оның өз бюджетінен шыққан шығынды қалпына келтіруге бағытталып, қарамағындағылардан пара алу жолымен толтыру болады.

Ең қызығы сол, лауазымдық қызметке орналастыру мәселесін шешетін лауазым иесі осындай қызметке орналасуға талап қылған бірнеше адамнан қажетті параны алып, бірақ сол орынға басқаларынан ең көп ақша берген адамды орналастырады.

Сондықтан да қазір халықтың көбі «Бергенді кім жек көреді дейсің», «Майлап жібермесең, жүре алмайсың», — деген санасына қалыптасып қалған ойдан арылту үшін біріншіден, жоғарғы

басшылардың тек заңдылықты сақтай отырып жұмыс әрекетін жүргізсе, екіншіден, қоғамдағы әр қимыл әділ жүзеге асырылса, үшіншіден, заңдылықты қатаң бекітсе парақорлыққа делдалдықтың алдын алар едік.

Осындай негіздерді саралай отырып, еліміздің заңнамаларында делдалдарға қатысты арнайы шаралар енгізіп, заңнаманы қатайтқан ләзім сияқты. Сондай-ақ, сенім телефондарына деген сенімді де арттырып, жемқорлықтың зардабы туралы бұқараға жаппай түсіндіру және насихат жұмыстарын үздіксіз жүргізу керек деген қорытындыға келеміз.

Парақорлыққа делдал болушықты бір жақты, яғни пара алу, беру сынды қылмыстардан ажырату мүмкін емес. Өйткені әрқашанда делдал болу бұл парақорлықпен тығыз байланыста болады. Егер де парақорлық фактісі болмаса, делдал болушықта қозғалмас екені анық. Парақорлыққа делдал болушықты жай заңды делдал болудан ажырата білу керек. Себебі, қарапайым, жай делдал болу бұл заңмен тыйым салынбаған әрекет. Парақорлыққа делдал болу бұл өте қауіпті қылмыс. Сол себепті делдал болушылық пара болушы мен пара беруші арасындағы байланыстырушы көпір десек те болады. Әрине осы әрекеті үшін бұл тиісті сыйақысын да алады. Делдал болушықтың қоғамға қауіптілігі сол ол әрдайым болашақ пара беруші мен пара алушыны қылмысқа итермелеуші сияқты да көрінеді. Қоғамда парақорлыққа жол беріп қана қоймай, оған іріткі тудырады. Пара беруші де алушыны да делдалды іздейді, сол арқылы қылмыс жаңа сипат, серпін алады. Қолданыстағы Қылмыстық кодекс парақорлыққа делдал болушыққа санкциясы төмен деп есептейміз. Ал делдал болушық бұл парақорлық сынды қылмыста қауіпті, қатерлі қылмыс болып табылады. Сол себептен санкцияны жоғарлату керек сияқты.

Жоғарыда келтірілгендерді қорыта келе, парақорлыққа делдал болушық қоғамның бірқалыпты дамуына, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси тұрақтылығына нұқсан келтіретін қылмыс түрі екендігі айдан анық ақиқат.

¹ Ромашенко Л. С. Социологический анализ коррупции как основного признака организованной преступности. // Вестник Саратовской государственной академии права. — № 2. — 1995. — 164-6.

² «Парақорлық үшін жауапкершілік жөніндегі заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы сотының 22.12.1995 жылғы № 9 қаулысының 5-тармағы.

³ Абаев М. Б. Специфика субъектов коррупционных правонарушений. Казахстанский журнал. — 2009. — № 2 — 10-6.